

**А** **И** **І** **Қ** **Ы** **І** **Н**

## **Бүркітбай Аяған: «Қазақ орталықтандырылған мемлекет ретінде Ресейден бұрын қалыптасқан»**

- Ағымдағы жыл - қазақ тарихы үшін айтулы жыл. Қазақ хандығының құрылғанына - 550 жыл, Абылай ханның туғанына - 300 жыл, Желтоқсан көтерілісіне - 25 жыл, ал Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханның туғанына - 145 жыл. Айтулы даталар Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығымен қатар келіп отыр. Атаулы жылдарды азаттығымыздың мерейтойымен сабақтастырып атап өту жағы ақсап тұрған жоқ па? Қалай ойлайсыз?

- Биыл Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына басымдық беріліп отыр. Саяси тұрғыдан қарағанда, Тәуелсіздіктің 20 жылдығын атап өту - өте орынды деп ойлаймын. Биліктің өзі бүгінде қазақ тарихының бай екенін, мемлекеттік дәстүрі бұрыннан бар болғанын жақсы түсінеді. Көп адам біле бермейтін бір факті бар: қазақтың орталықтандырылған мемлекеті Ресейден бұрын қалыптасқан. Қазақ хандығының пайда болуы 1460-шы жылдар деп айтамыз, біреулер 1459, 1963, енді біреулер 1472 жыл деп айтып жүр. Қалай дегенмен де 15-ші ғасырдың 60-шы жылдары Шу өзенінің бойында Қазақ хандығы бой көтерді. Ал орыс мемлекеті орталықтандырылған мемлекет ретінде 1613 жылы ғана орнай бастады. Сол жылы орыс князьдары жиналып Михаил Романовты патша етіп сайлады. Міне, бұл - парадокс.

Кеңес заманында қазақта мемлекет болмаған деген идеология үстемдік құрып тұрды. Содан орыстарда «мемлекет болған» екен, ал бізде «мемлекет болмаған» екен деген түсінік қалыптасты. Ал қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз сияқты түркі халықтары тарихи аренаға 15-ші ғасырдың ортасында шыққан. Қазақ хандығы құрылғанда қазақ, ноғай, өзбек болып бөлінген. Соның ішінде, өкінішке қарай, ноғайлар бүгіндері өздерін жоғалтып алар жағдайда тұр. Қазір Ресей аймағында көп болса 100 мың ноғай бар шығар. Ал кезінде олардың Қазақ хандығымен терезесі тең еді. Қазақ хандығы мемлекетке тән сайлау мекемелері, жыраулар, билер институты бар, кәдімгі демократиялық формада дамыған мемлекет болатын. Ал өзбектер, менің байқауымша, аймақтық деңгейде қалды. Хиуа хандығы, Қоқан хандығы, Самарқанд уәлаяты, Ташкент болып бөлек-бөлек тұрды. Кейініректе, яғни 20-шы ғасырдың 30-шы жылдары мемлекет болып қалыптасты. Ал Қырғыз мемлекеті Енисейде құрылған. Содан айырылып қалғаннан кейін 20 ғасырдың 30-шы жылдары республика ретінде қалыптаса бастады. Мемлекет дегеніміз — тек ханды сайлау ғана емес, бір жарғымен өмір сүру және өте маңызды саяси мәдениетті қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ хандығы Оралдың арғы жағындағы көршіден көш ілгері дамыды. Қазақ тәуелсіздік үшін аянбай соғысқан халық. Бұл өте ұзақ әңгіме. Бір ғана 20-шы ғасырдың басын алайық, Алаш зиялылары мен большевиктік топ құрамында жүрген Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанбек Қожановтар — осы екі тараптың да түпкі ойларының негізі бұрынғы қазақ мемлекетін қайтадан қалпына келтіру болды. Сол азаматтарды алға жетелеп отырған осы идея еді. Ол идея осыдан 20 жыл бұрын ғана жүзеге асты. Қазақ тәуелсіз ел атанды. Сондықтан біз тәуелсіздік туралы айтқанда, бұрынғы

тарихымызды ұмытпаймыз. Себебі байырғы тарихымызды әжептәуір зерттеп қалдық. Салыстырып айтсам, Франциядағы Париж коммунасы 72 күн ғана өмір сүрген екен. Бұл псевдосоциалистік мемлекеттің алғашқы мысалдары еді. Міне, сол небары екі айдан астам уақыт ғана өмір сүрген Париж коммунасы туралы мыңнан астам зерттеулер мен монографиялар жазылыпты. Олай болса, Тәуелсіздігіне 20 жыл толған Қазақстан туралы да мыңдаған зерттеу жазылуы керек. Сол зерттеулер арқылы әрбір қазақстандықтың санасына біз тәуелсіз мемлекетпіз деген идеяны сіңіруіміз керек.

- Сіз басқаратын Мемлекет тарихы институты қазақ мемлекеттігінің жаңа тарихын зерттеп, зерделейтін, тарих ғылымына жаңа ой-тұжырымдар ұсынатын, ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын ғылым ордасы болуды мақсат етеді. Бұл мақсат қаншалықты орындалып отыр? Жаңа тарихты жазудағы жас ғалымдардың үлесі қандай?

- Біздің институттың құрамы өте жас. Қателеспесем, кадрларымыздың орташа жасы - 37 болса керек. Басқа институттарда 42-47 жасты құрайды. Бізде жас ғалымдар кеңесі бар. Бауыржан Еңсепов деген жігіт басқарады. Өзі 27 жаста. Сонымен қатар Николай Лапин, Анар Габдуллина, Рүстем Құдайбергенов, Марал Томанова сияқты жастар бар. Жастарды көп шақырамыз. Келем деген маманға вакансия бар. Бірақ оларға қойылатын талап та жоғары. Мысалы, кем дегенде ғылым кандидаты болуы керек. Екіншіден, оның зерттеп, жазып жүрген ғылыми еңбегі болуы шарт. Біздің елімізде ғылым кандидаттары мен докторлары өте көп. Бірақ солардың арасында шынайы ғылымды іліп алып кететін мамандар аз екені көрініп тұр. Біздер - ғалымдар жоғары оқу орындарындағы педагог тарихшылар және ғылыми жұмыс атқаратын ғалым-тарихшылар болып екіге бөлінеміз. Бұл екі топқа қойылатын талап екі басқа. Осы мәселені ұмытпаған жөн. Институт дайындаған өнімдер туралы мынадай көрсеткіштер келтіруге болар еді. Институт 2008 жылы қазан айында жинақталды, директор ретінде мен өзім қазанның 8-де жұмысқа шықтым. Біз 2009 жылы 15 кітап, 2010 жылы 14 кітап шығарсақ, Тәуелсіздіктің 20 жылдығына 20 кітап шығармақпыз. Оның арасында оқулық, хрестоматия, хроника сияқты ірі еңбектер бар. Сонымен қоса көптеген халықаралық конференциялар, Форумдар өткіздік. 2010 жылы ТМД елдері тарихшыларының 2 форумы, түркі өркениеті конгресі т.б. өтті. Институт ғалымдары кәсіби тарихшылар Академиясын, тарихшылар лигасын құрды. Біздің мақсатымыз тарихшылардың басын қосып бірігіп жұмыс істеу.

- Кейбір азаматтар Мемлекет тарихы институтын кезінде Қазақстан компартиясы орталық комитетінің жанында жұмыс атқарған Партия тарихы институтына балайды. Сонымен, бұл институттың баяғы кеңестік институттан айырмасы не? Әлгіндей пікірлердің туындауына не себеп деп ойлайсыз?

- Кеңес одағы кезінде Алматыда марксизм-ленинизм институты болды. Ең жақсы ғимарат соларға берілетін. Бірақ тарихты қалай жазу керектігін оларға Мәскеу айтып отыратын. Әрине, тәуелсіздікке дейінгі тарихтың көптеген ғылыми жаңалық ашқанын жоққа шығармаймыз. Әйткенмен, олар Мәскеудің

нұсқауымен жұмыс істеді. Ал көпшілік біздің тарихты Алматыдағы партия тарихы институты жазып отыр деп ойлайтын. Шындығында, ол институт Мәскеудің айтқанын қағазға түсіретін мекеме ғана болды. Тарихтың осындай бір қиын жағы бар, ол — биліктің тарихқа араласуы. Ал тәуелсіздіктің бір тамаша тұсы, тарихшыларымыз үшін «Алтын ғасыр» туды. Қазір архивтер ашық, соғыс туралы дейсің бе, тәуелсіздік дейсің бе, өткен заман дейсің бе, барлық мәліметті қарауыңа мүмкіндік бар. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қытай, Германия, Польша елдеріне барып жатқан ғалымдар бар. Сосын ең маңызды мәселе, қазір цензура жоқ. Бұрын кітап шығару үшін рұқсат алу шарт еді. Қазір цензура жоқ, бірақ рецензия өте қажет секілді. Себебі қазір тарихты жазуға тракторшы да, зоотехник те, дәрігер де араласа бастады. Олар тарих жазу оңай деп ойлайтын сияқты.

- Сіз айтқан мүмкіндікті тарихшыларымыз қалай пайдаланып жатыр?

- Біраз еңбектер жазылды. Қазақстан тарихының 20-шы, 30-шы жылдары жақсы зерттелді. Айталық, Алаш ұйымының құрылуы, оның даму эволюциясы туралы, аштық туралы еңбектер шықты. Сонымен қоса әлі де болса, тарихшыларымыздың қоғам алдындағы қарызы мол.

- Сонда тарихымыздың қай кезеңі қамтылмай отыр деп ойлайсыз?

- Айта берсе, өте көп. Көне заманның өзін жазған тарихи еңбектердің бәрін қайта қарауымыз керек. Бұл сөзімнің кейбіреулерге ұнамайтынын жақсы білемін. Бірақ ақиқаты сол. Мысалы, сақ дәуірін алсақ, бұрын кеңес заманында сақтардың тілі иран, парсы тілі деп көрсетілді. Сол кезде шыққан Қазақстан оқулықтарын қарап көріңізші, дәл солай жазылған. Ал соңғы деректер бойынша, сақ, үйсіндер көне түрік тілінде жазып, сол тілде сөйлеген екен. Бұл жаңалық па? Жаңалық! Бізге керек пе? Керек! Бұрын Қазақ хандығы туралы айтылған тарихта Түркі қағанаты туралы айтылмайтын. Айтқан күннің өзінде таптық көзқарасқа сүйенетін. Жалпы, кеңес кезеңіндегі тарихтың дамуы таптық күреске негізделді ғой. Маркстің «Локомотивом истории является борьба классов» деген сөзі де бар. Сол сөзге сүйенген тарихшылар көне Рим болсын, көне Қазақстан болсын, тек қана қанаушы таппен қаналушы тап арасындағы күресті көрсететін әдет тапқан сол кезде. Біз қазір ол идеологиядан бас тартуымыз керек. Тәуелсіздікке дейінгі кітаптарымыз сол идеологиямен жазылған. Мәселен, Қазақстанның Ресейге қосылуын алайық. Тарихшылар сол үшін талай таяқ та жеді, сотталды, ату жазасына кесілгендері де бар. Қазақстанның Ресейге қосылуына Әбілқайыр ханның Анна Иоаннага хат жазғаны себеп болды, содан кейін орыстар келіп бізді өз билеуіне алған дейді оқулықтарда. Ал орыстың Ключевский, Карамзин, Соловьев деген тарихшыларының еңбегінің бірде-біреуінде Әбілқайыр ханның хаты туралы айтылмайды. Неге? Себебі Әбілқайырдың хат жазғаны рас болғанымен, Қазақстанның Ресейге қосылуы сол бір хатқа қарап қалған жоқ еді. Бұл — Ресей империясының шекарасын кеңейту үшін Қазақстанды өзіне қосып алу саясаты болатын. Менің зерттеулерім бойынша, байқасаңыздар Памир тауының арғы жағындағы аймаққа - Ауғанстан, Үндістан жеріне ағылшындар келіп тоқтайды да, бергі солтүстік жағындағы - Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қазақстан - барлығы Ресей империясына

кіреді. Соған қарап, Н.Халфин деген кеңес заманындағы бір жақсы тарихшы Ресей мен Британ империясының арасында келіссөздер болған дейді. Құпия протоколдар болған сияқты. Бұл да зерттеуге тұрарлық дүние. Сонымен қатар Қазақ хандығының құрылуы, дамуын да қайта зерттеуіміз керек. 1460 жылдары Шудың бойында ту көтерген кіп-кішкентай ғана Қазақ хандығы елу жылдан кейін жерінің бір жағы Сібірде, бір жағы Жайыққа, оңтүстігі Ташкентке, шығысы Алтайға созылып жатқан үлкен елге айналды. Қазақ халқы осы заманға дейін бір тілде, бір дінде болған және сөздерінде диалекті жоқ. Неге? Бұл орталықтандырылған жүйенің арқасы. Ал басқа елдер 20-30 жылдан кейін құрып кетіп отырды ғой. Қазақ хандығы осы жерден айырылмай келді, біз соны әлі толыққанды зерттеген жоқпыз, ал оның геосаяси маңызы, Қазақ хандығының мемлекеттігінің мықтылығы ашық айтылған жоқ.

Сонымен қатар бір өте маңызды мәселе бар, Қазақстанда кеңес өкіметі қалай орнады? Бүгінге дейінгі тарихта кеңес өкіметі біздің елге оңай орнай салғандай етіп көрсетілген. Сонда қазақ большевиктерге бірден бағына салды ма деген сұрақ туады. Олай болса, 30-40 жылдарға дейін қазақ даласында неге көтерілістер басылмады? Демек, кеңес өкіметі қазақ даласын 2-3 жылда жаулап алды деген бекер сөз. Негізі, қазақ кеңес өкіметін қабылдамаған халық. Большевиктердің 1917 жылы Ресей билігіне Германияның Бас штабының ақшасымен келгенін бұрын да жазған жоқ едік, соны оқулықтарға мен жаздым. Ол дәлелденген нәрсе. Ал кеңес заманында қазақ қоғамы қалай өзгерді? Біз осыған да әлі жауап берген жоқпыз. Репрессия болғанын айтамыз, аштық болғанын айтамыз, Ұлы Отан соғысын айтамыз. Бірақ осы күнге дейін Ұлы Отан соғысында қанша қазақстандықтың қатысқаны, қаншасының қаза тапқаны тағы белгісіз.

- 400 мыңнан астам қаза тапты дейді ғой.

- Ол - қате цифр. Ол санды кем дегенде екіге көбейту керек. Себебі 1945 жылы Сталин ҰОС-да совет халқының 7 миллионы қаза тапты деді. Он жылдан кейін Хрущев АҚШ-та Эйзенхауермен кездескенде 20 млн адам опат болды деді. Кейінірек ғалымдар бұл соғыста 28 млн адам жоғалттық деп айтып отырды. Ал 1991 жылы кеңес өкіметі құлардың алдында Қорғаныс министрлігінің жариялаған дерегінде 30 млн-дай адам қаза тапты делінген. Шетелдік М.Хайнес деген ғалымның айтуынша, кеңес өкіметі 42 млн адамынан айырылды. Сондықтан да соғысқа қатысқан, соғыста қаза тапқан қазақстандықтардың санын қайта қарауымыз керек.

- Ұлы Отан соғысы демекші, өткен жылы Ресейдің премьер-министрі Владимир Путин орыс халқымен «тікелей желіде» сұхбаттасып отырып, ҰОС-да орыс халқының арқасында жеңіске жеттік деді. Сөзбе-сөз келтірсем, «Статистика времен Второй мировой войны свидетельствует, что наибольшие потери понесла именно РСФСР — свыше 70 процентов. Это значит, что война выиграна, не хочу никого обижать, за счет индустриальных ресурсов Российской Федерации. Это исторический факт, это все в документах», - деп мәлімдеді. ҰОС-на қазақ даласынан аттанған состав-

состав оқ-дәрілер туралы неге айтылмады деп ойлайсыз?

- Меніңше, 70 пайыз деген цифрды қайта қарау керек. Бұл соғыста орыспен қоса, теперіш көрген, аянбай соғысқан украиндар мен беларусьтар да бар. Оларды неге айтпасқа? Сосын қолынан күш келгенше Кавказ халықтары да соғысты. Орталық Азия халықтары - қазақтар, өзбектер, қырғыздар да соғысқа аттанды. Ресейге жақын болған соң ба, қазақтар соғыстың ауыр нүктелеріне түсіп қалып отырды. 1941 жылы күзде Мәскеуде, сосын 1942-1943 жылдары Сталинградта, Курск түбінде шайқасты. Берлинге барған қазақстандықтар да көп. Әрине, сан жағынан орыстар көп еді, бірақ басқа халықтардың да жоғалтқаны аз болған жоқ. Сондықтан бұлай деп сөйлеу адами жағынан да, моральдық жағынан да білдей бір елдің Үкімет басшысына жараспайды. Бұл жерде мәселе тек Путинде емес, орыстар түсіріп жатқан Ұлы Отан соғысы туралы деректі және көркем фильмдерде де «орыс армиясы», «орыс жеңісі» деген сөздер көп айтылады. Қайта бұрын кеңес одағы кезінде басқа ұлттарды көрсететін. Қазір олай емес. Қаласын-қаламасын, бұл кеңес халқының жеңісі. Оны тарихтан сызып тастай алмайсыз. Ал егер орыс саясаткерлері жаңағыдай бұрмалай берсе, басқа халықтар, әрине, ренжиді.

- Бірақ осы мәлімдемеге ТМД көлеміндегі ешбір елдің ресми органы пікір білдірмеді. Мұны кездейсоқ біреу емес, үкімет басшысы айтып отыр емес пе?

- Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған Мәскеудегі шараға көп елдердің өкілдері бармай жүр ғой. Бұл дипломатиялық тілмен айтқанда, қарсылық белгісі болып саналады.

- Қоғамда «халық тарихшылардың не жазып жатқанын білмейді» деген пікір бар. Олай болса, халық пен тарихшылар арасындағы байланысты қалай орнатуға болады?

- Тарихшылар жазбаса мектепке, университет студенттеріне арналған оқулықтар қайдан шығып жатыр? Халықтың белгілі бір бөлігі тарихшылардың еңбегін білмеуі мүмкін. Себебі қазір жазылған тарихи кітаптар бюджет қаржысына шығады да, таралымы 2 мыңнан аспайды. Сондықтан ол кітаптарды дүкеннен таба алмайсыз. Бұл «Мәдени мұра» бағдарламасымен шығып жатқан кітаптарға да қатысты мәселе. Өйткені ол кітаптар мектептер мен университеттерге, кітапханаларға таратылады да, жеке адамдардың қолына тимейді. Олай болса, кітаптардың тиражын көбейту керек. Сонымен қатар «Қазақстан тарихы» деген арнайы бағдарлама ашып коммерциялық жоба жасауға болады.

Шыны керек, біз тарихымызды әлі де болса күңгірт білетін халықпыз. Ана тілін білмейтін, біле тұрып, сыйламайтындар баршылық бізде. Өйткені оларға өз тарихын кемсітіп оқытқан. Құлдық психологиямен оқытқан, тарихың жоқ деп тәрбиелеген, олай болса бұл мәселені мемлекет те қолға алуы керек, қазақтың өзі де көтеруі керек. Біздің қоғамда мен түсінбейтін бір жағдай бар, қазақ интеллигенциясы биліктен бір нәрсе күтеді де отырады. Мен бұл жерде билікті ақтайын деп отырғаным жоқ. Кемшілігі де бар шығар, бірақ зиялы қауым да халық арасында тарихымызды, тілімізді насихаттап, санамызды қалпына келтіруіміз үшін күресуі қажет. Құлдық сананы жойып,

еркін ұлт ретінде қалыптасуға үлес қосуы тиіс. Мәселен, грузиндер құлдық психологиядан тез шығып кетті. Бұлардың интеллигенциясы мықты ма деп ойлаймын. Егер өз мәселемізді өзіміз шеше алмасак, онда қандай халықпыз? Ол үшін көп нәрсенің керегі жоқ. Тарихынды сыйла, ана тілінде сөйле деп балаңа дұрыс тәрбие бер, бар болғаны сол.

- Менің бір байқағаным, біз оқыған тарихтың бәрі соғыс туралы жазылған екен. Әлем тарихы болсын, қазақ тарихы болсын, соғыс туралы «сөйлейтін». Бүкіл ел тек соғысып ғана өмір сүрген бе деген ойға қалатындай. Ол заманда мәдениет болмаған ба, ол заманның рухани құндылығын неге оқымаймыз деп ойлайтынбыз. Ал сіздер жаңа тарихты жазуда осы мәселені қаншалықты ескересіздер?

- Шынында да, кеңес одағы кезінде жазылған оқулықтардың барлығы бітпейтін соғыстан тұрады. Қит етсе, бай мен кедейді соғыстырып қояды. Бейбіт өмір жүз жыл тұруы мүмкін, ол туралы үш бет жазылады, ал үш жыл соғысса сол туралы он бет жазады. Себебі сол кезде халықты соғыспен қорқытып ұстау саясаты болды. Бізді кәдімгідей соғысқа дайындайтын, Америкамен, Жапониямен, Қытаймен қорқытатын. Былайша айтқанда, тарих қорқытып-үркіту пәні болды. Ол - рас. Қазір бұл идеологияны өзгерту керек. Негізі, тарихта соғыс аз болған. Осы күнге дейінгі өмірдің 98 пайызында халық бейбіт өмір кешкен. Олай болса, тарихты милитаристік көзқарастан арылтуымыз керек. Меніңше, бір үлкен орталық құрып, Қазақстанның барлық тарихшыларын жинап, ақылдасу үшін тарих оқулығын жазатын тарихшылардың басын қосып отыру қажет. Ол жиынға мәдениеттанушылар, саясаттанушылар мен социолог ғалымдар да тартылуы тиіс. Сіз бізден басқа елдің тарих пәніне арналған оқулығы керемет екен деп ойламаңыз. Мен әдейі АҚШ-тың тарих пәні оқулықтарын алдырттым. Олар өнері мен аймақтарын зерттеп кетеді екен. Ал бізде кеңес заманында кешенді түрде зерттеп, іздейтін. Ол жақсы еді. Тек бізді құртқан идеология. Сондықтан шет елдерде тарихты оқытудың классикалық оқулық үлгісі жасалды деп айта алмаймын.

- «Атамұра» баспасынан 2004 жылы 4-сынып оқушыларына арналған «Дүниетану» оқулығының қайта басылған нұсқасында адамның пайда болуы туралы бірнеше аңыздар келтіріледі. Содан кейін Дарвин ілімі бойынша адамның маймылдан жаралғаны жан-жақты түсіндіріледі. «Дарвин осындай тоқтамға келген» деп тоқтай салмайды. «Мұны Дарвиннен кейінгі ғалымдар да зерттеп, қуаттай түсті» деп баланы соған сендіреді. Ал жаңа тарих адамды қалай пайда болды деп оқытады?

- Бұрынғы материалистік-атеистік көзқарас адамның жаралуына қатысты діни болжамды жоққа шығаратын. Қазір биология мен генетиканың өзі адамның маймылдан емес, әу баста-ақ адам ретінде қалыптасып дамығанын көрсетіп отыр. Біз мұны оқулықта да жаздық. Құранда өзіңнен аумамайтын адам шығарам деп жазылған дейді. Біз оған күлетінбіз. Қазір клондастыру деген шықты ғой. Көптеген нәрсе Құранда айтылған. Ғарыш мәселесі де. Институтта жаңадан шыққан кітаптарда жаңаша көзқарас қалыптасып қалды деп айтар едім.

- Билікте қандай адам отырса, тарих соған ыңғайланып жазылады дейді. Осы

тұрғыдан сіздер жазып жатқан жаңа тарих саясаттанып бара жатқан жоқ па? Кезінде кенестік жүйенің көзқарасымен жазылған тарих енді қазіргі биліктің көзімен жазылып кетпей ме? Осындай әңгіме сіздердің Елбасыға қатысты шығарып жатқан кітаптарыңызға қатысты айтылып жүрген жоқ па?

- «Тарихты жеңгендер жазады» деген сөз бар. Ендеше, биліктің тарихты жазуға қатысы болады, оған сөз жоқ. Бір қызығы, институт құрылғалы біз бірнеше кітап жарияладық. Сендер сенбеулерің мүмкін. Біз айына бір-екі кітап дайындап, шығарып жатырмыз. Бірақ бізді былай жаз деп ешкім цензураға салған емес. Біз неге қазіргі заман туралы, Президент туралы көп жазамыз? Ал неге жазбасқа? КСРО құлаған кезде елдің алғашқы Президенті Н.Назарбаев болса, елде болып жатқан игі өзгерістер сол кісінің бастауымен жүзеге асып жатса, елімізде тыныштық салтанат құрып тұрса, халқымыз бай болса, жаңа Астана салсақ, ұлттық теңгемізді енгізсек, онда ол кісі туралы кітап аз жазылып жатыр деп ойлаймын. Өркениетті елдерде Мемлекет басшысы, ірі қоғам қайраткерлері туралы кітаптар өте көп шығады. Басқа жұрт тұлғалар арқылы сол елдің тыныс-тіршілігін біледі. Бізде Елбасы туралы кітап жазылса, соған жағынғысы келді деп түсінетін әдет бар. Тек Президент қана емес, саяси тұлғаларымыз туралы да көп жазуымыз керек. Төл тарихымызда, мемлекет тарихында ашылмаған, шешілмеген мәселе өте көп. Керей мен Жәнібек, Тәуке хандар, билер, батырлар, Алаш көсемдері туралы көп ізденістер керек. Отан тарихында ашылмаған беттер әлі көп. Қазір тарихшылар бір-біріне мін айта бермей бірігіп жұмыс істеу керек. Қазіргі тарихшылар арасында әртүрлі ахуал бар. Біреулер жаңа заманға, нарыққа төселіп алса, елге пайдалы еңбек етіп жүрсе басқа біреулер сол жершілдік небір бұқпантайлық жағдайдан шыға алмай отырып қалғаны да рас. КСРО тұсында жазылған тарих неге тартымсыз еді? Өйткені ол кезде тарих бір ғана көзқараспен жазылды. Қазір бізде бірнеше тарих институттары бар, іргелі тарих факультеттері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де, Абай атындағы ҚазҰПУ-де жұмыс істеп тұр. Қарағандыда, Семейде, Астанада, Оралда білікті тарихшылар шоғыры қалыптасты. Бұл өте жақсы нышан, арамызда әділ бәсеке орнығуда. Біз әріптестерімізді конференцияларға, жаңа кітапты бірлесе жазуға арнайы шақырып тұрамыз. Бізбен бірге жоба жазғандар ішінде профессорлар Ақтөбеден Н. Абдуллаев, Оралдан Т.Рысбеков, Ә.Мұқтар, Семейден Е.Сыдықов, А.Исин, Астанадан Т.Садықов, С.Ковальская, Алматыдан Қ.Атабаев, Н.Мұхамедханұлы, Ғ.Кенжебаев бар. Ұсынысымызды үстірт қабылдап, ұжымдық еңбек жазудан қашқақтайтындардың атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын. Өкінішке қарай, ондайлар да кездеседі.

— Әңгімеңізге рақмет!

**Бүркітбай Аяған**, Мемлекет тарихы институтының директоры, профессор

Сұхбатты жүргізген  
Халима БҰҚАРҚЫЗЫ